

## Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы  
8D012-Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы (6D010100 –  
Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу) бағыты бойынша Диссертациялық  
кеңес

### **1. Өткізілген отырыстар саны жайлы мәліметтер**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D012-Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы (6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу) бағыты бойынша Диссертациялық кеңесінің 2025 жылы 2 отырысы өткізілді (01.01.2025-31.12.2025).

### **2. Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері (болған жағдайда)**

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

### **3. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі.**

1. *Коньсбаева Алия Бусегеновна*, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

2. *Изат Меруерт Магауяқызы*, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

### **4. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:**

*Коньсбаева Алия Бусегеновнаның* диссертациясы бойынша:

1). *қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:*

*Диссертация тақырыбы* – «Мектепке дейінгі ұйымда мазасыздану көріністері бар мектепалды топ балаларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу».

*Бағыты:* 6D010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие

*Ғылыми кеңесшілері* – п.ғ.д., профессор Р.К.Бекмагамбетова, шетелдік кеңесші философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор Shin Namin.

*Қорғау 2025 жылдың 29 мамырында өтті.*

*Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:*

- ғылыми-педагогикалық әдебиет көздерін талдау негізінде мектепке дейінгі ұйымда мазасыздану көріністері бар мектепалды даярлық тобындағы балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мәселесін зерттеудің ғылыми-педагогикалық алғышарттарының, теориялық және әдіснамалық негіздерінің жүйесі анықталды;

- мектепке дейінгі ұйымда мазасыздану көріністері бар мектепалды даярлық тобындағы балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің мәні, құрылымы және мазмұны ашылды;

- мектепке дейінгі ұйымда мазасыздану көріністері бар мектепалды

даярлық тобындағы балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді;

- мектепке дейінгі ұйымда мазасыздану көріністері бар мектепалды даярлық тобындағы балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасы дайындалды және жүзеге асырылды.

2) *ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345>, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>, Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету қағидалары <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020883>, Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029329>

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қағидалары <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513>, Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750>, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249#z81>, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293>, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнының меңгерілуіне мониторинг жүргізуге арналған әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2023. – 60 бет. Мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік-эмоционалдық тәрбиелеу бойынша әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан, 2022. – 32 бет. Қазақстандағы білім беру саласы зерттеушілерінің этикалық кодексі – Бірінші басылым. – Нұр-Сұлтан: Қазақстанның білім беру саласындағы зерттеушілер қоғамы, 2020. – 68 бет.

3) *диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

1. Мазасыздану көріністері бар мектепалды даярлық тобындағы балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу педагогтар мен мамандардың жүйелі ұйымдастырылғын іс-әрекеті болып табылады, оның барысында меңгерген білімдер, мектепке дейінгі жаста мазасыздану көріністерінің ерекшеліктерін және механизмдерін түсіну негізінде балаларды табысты оқыту мен дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және

педагогикалық жағдайлар құрылады, балалардың әлеуметтік-эмоционалды дамуының негізгі компоненттерінің тұтастығы және өзара әрекеттестігі қамтамасыз етіледі: когнитивті, эмоционалды-бағалаушы және мінез-құлықтық.

2. Мектепке дейінгі жастағы мазасыздану басым түрде ситуативті болып табылады, ол эмоционалды қолайсыздықты (дискомфорт) бастан кешіру деп аталатын баланың эмоционалды жайсыздық күйін білдіреді. Мектепке дейінгі жастағы мазасызданудың ситуативті сипаты баланың жас ерекшеліктерімен және дамудың әлеуметтік жағдайының шарттарымен түсіндіріледі. Мектепалды даярлық тобында мазасызданудың көріністері баланың жақын маңызды адамдар, педагогтар, тәрбиешілер және құрдастары сияқты әлеуметтік қоршаған ортасымен тікелей өзара әрекеттесу процесінде жасқа сәйкес қажеттіліктердің қанағаттандырылмауы барысында пайда болатын ішкі мазасыздану күйі арқылы көрінетін психологиялық-педагогикалық құрылым болып табылады.

3. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің құрылымдық-мазмұндық моделі бірқатар теориялық тұғырларға сүйенеді (тұлғалық-әрекеттік, пәнаралық, отбасылық-орталықтандырылған және т.б.), диагностикалық, консультативті, қолдаушы, дамытушы, бағыттаушы функцияларды атқарады, балалардың әлеуметтік-эмоционалды дамуының біртұтас құрылымын қалыптастыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу процесіне қатысушылардың кешенді және сатылы өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді.

4. Мазасыздану көріністері бар мектепалды даярлық тобы балаларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің әзірленген моделін жүзеге асыру келесі педагогикалық шарттар кешенімен қамтамасыз етіледі: дамытушы және эмоционалды қолайлы білім беру ортасын құру; мазасыздануды көрсететін балалардың жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін бейімдеу; жетістік жағдаятын қалыптастыру және топта ынтымақтастық атмосферасын қолдау үшін педагогикалық тәсілдерді қолдану; балалардың өзбетінділігін ынталандыру; тәрбиелік-білім беру процесіне эмоционалды интеллектіні дамыту әдістерін кіріктіру; ата-аналардың психологиялық-педагогикалық сауаттылығын арттыру және педагогтарды кәсіби құзыреттілігін кеңейту.

*2. Изат Меруерт Магауяқызының диссертациясы бойынша:*

*1). қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау:*

*Диссертация тақырыбы – «Мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының дамытушы ойындар арқылы зияткерлік дағдыларын дамыту».*

*Бағыты: 8D01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие*

*Ғылыми кеңесшілері – п.ғ.к., қауымдастырылған профессор У.КК.Кыякбаева, п.ғ.к., доцент Ш.Ж.Колумбаева. Шетелдік кеңесші философия докторы (PhD), Bayraktar Vedat.*

*Қорғау 2025 жылдың 28 тамызында өтті.*

*Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:*

- Мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының зияткерлік дағдысын дамытушы ойындар арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

- Мектепке дейінгі ересек топ балаларының зияткерлік дамуына әсер ететін факторлар мен дамытушы ойындардың танымдық әлеуеті анықталды;

- Дамытушы ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының зияткерлік дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

- Мектепке дейінгі ересек топ балаларының зияткерлік дағдысын дамытушы ойындар арқылы дамытудың әдістемелік жүйесі әзірленіп және ол тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді.

*2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты халыққа жолдауы 1.09.2024 ж. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 14.10.2022 № 422 бұйрығы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық, – Астана, 2022 - 258 бет. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Баршаға қолжетімді сапалы білім 1.09.2023 ж. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ТЖКБ департаменті. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 15.03.2021ж. №137. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат 17.06.2024 ж. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың IV Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі 14.03.2025 ж. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы 28.03.2023ж №249 қаулысы. Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамы (KERA) хатшылығының жиналысында мақұлданған ҚР білім зерттеушілерінің әдеп кодексі. № 2 хаттама, 09.09.2020 ж.

*3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

1. Мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының зияткерлік дағдыларын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін ғылыми тұрғыда анықтау – зияткерлік ұғымының психологиялық-педагогикалық құрылымын, оның мазмұндық компоненттерін (ойлау, зейін, ес, қиял, сөйлеу) және даму заңдылықтарын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында зияткерлік дағдылар баланың қоршаған ортаны тануға, ақпаратты өңдеуге, себеп-салдарлық байланыстарды орнатуға және мәселелерді шығармашылық жолмен шешуге бағытталған интегративті когнитивтік жүйе ретінде қарастырылды.

2. Мектепке дейінгі ересек топ балаларының зияткерлік дамуына ықпал ететін факторларды айқындау және дамытушы ойындардың танымдық әлеуетін дәлелдеу – баланың танымдық белсенділігі мен ақыл-ой қабілеттерін еркін, өзіне тән даму қарқынына сай дамытудың маңызды алғышарты. Зерттеу нәтижесінде дамытушы ойындар когнитивтік процестерді белсендіруге, эмоциялық-ерік сапаларын дамытуға, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік беретін кешенді педагогикалық құрал ретінде анықталды. Аталған ойындар баланың қызығушылығы мен белсенділігін оята отырып, зияткерлік дағдылардың (логикалық ойлау, талдау, жалпылау, салыстыру, қорыту) табиғи әрі тиімді қалыптасуына ықпал етеді.

3. Мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының зияткерлік дағдыларын дамытушы ойындар арқылы қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі – теориялық-әдіснамалық негіздері нақты айқындалған, мақсатты, мазмұнды, әдіс-тәсілдерді, даму көрсеткіштері мен деңгейлерін қамтитын интеграцияланған педагогикалық модель ретінде ұсынылды. Құрылымдық-мазмұндық модель дамытушы ойындардың құрылымына сай жасалған педагогикалық жүйе арқылы баланың зияткерлік дамуын кезең-кезеңмен жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

4. Мектепке дейінгі ұйымдарда қолдануға ұсынылған әдістемелік жүйе мен дидактикалық құралдар кешені (авторлық «Ойна да, ойлан» көмекші құралы, «IQ Балақай» дамытушы ойыншығы және әдістемелік құрал) – мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік дағдыларын кешенді дамытуға бағытталған, практикалық тиімділігі дәлелденген, инновациялық-педагогикалық ресурс ретінде қарастырылды. Ұсынылған құралдар жүйесі педагогтерге баланың даму деңгейі мен қызығушылықтарына сай ұйымдастырылған, ойын арқылы оқытуға мүмкіндік береді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері балалардың зияткерлік дағдыларын дамытуда жоғары нәтиже беретінін көрсетті.

## **6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар**

Ғылыми кадрларды даярлау процесінде докторанттардың зерттеу қызметін қолдауға және ғылыми жұмыстарды орындаудың ұйымдастырушылық тетіктерін жетілдіруге бағытталған жұмыстарды жалғастыру маңызды. Бұл ғылыми-зерттеу қызметінің тұрақтылығын

сақтауға және диссертациялық жұмыстардың сапалы орындалуына ықпал етеді.

**7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:**

	(6D010100/8D012 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу)
Қорғауға қабылданған диссертациялар	2
Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-
Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-
Рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-
Қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	-
қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-

Диссертациялық кеңестің  
төрағасы

  
Бекмагамбетова Р.К.

Диссертациялық кеңестің  
ғалым хатшысы

  
Булшекбаева А.И.

«31» желтоқсан 2025 жыл.